

**2004 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына 1977-1986 жылдары туған азаматтарды шақыруды жүргізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III бірлескен шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 14 сәуірде N 323 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 36 және Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 131/17-III бірлескен шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2005.03.15 N 36 және Астана қаласы мәслихатының 2005.03.29 N 131/17-III бірлескен шешімімен.**

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 1320 "Қазақстан Республикасы әскери басқаруының жергілікті органдарының мәселелері" қаулысына сәйкес, Астана қаласының әкімі мен Астана қаласының мәслихаты шешті:

1. 2004 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында 1977-1986 жылдары туған, шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқы жоқ азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру және жөнелту өткізілсін, "Алматы" және "Сарыарқа" аудандары шақыру комиссияларының қызметін басшылыққа алу және бақылау мақсатында, осыған орай Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес мына құрамда шақыру комиссиясы бекітілсін:

Толыбаев - Астана қаласы әкімінің орынбасары,  
Марат Еркінұлы қалалық шақыру комиссиясының  
төрағасы

Мыңжанов - Астана қаласының Әскери  
Қайрат Тұрсынайұлы комиссары, қалалық шақыру  
комиссиясы төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

Чаус Александр - Астана қаласы ПББ бастығының  
Александрович орынбасары  
Ақтаева Ләззат - Астана қаласы Денсаулық сақтау  
Мейрашқызы департаменті директорының  
орынбасары

Семенова Валентина - Астана қаласының Әскери  
Гриторьевна комиссариаты 2 (шақыру) бөлімі  
бастығының аға көмекшісі,  
медициналық комиссиясының төрайымы

Петренкова Галина - N 3 қалалық емхана  
Степановна мейірбикесі, комиссия хатшысы

Қалалық шақыру комиссиясының мүшелері әр түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссиясының резервтік құрамы бекітілсін:

Мұхамеджанов Төлеген - Астана қаласы әкімінің  
Мұхамеджанұлы орынбасары, қалалық шақыру  
комиссиясының төрағасы

Комиссия мүшелері:

Сейітжапаров Ғабдолла - Астана қаласы ПББ бастығының  
Рахметоллаұлы орынбасары

Сағнаев Марат - Астана қаласы Әскери  
Шолпанұлы комиссариаты 2 (шақыру) бөлімі  
бастығының орынбасары

Көпежанова Бақыт - N 3 емхананың дәрігері,  
Әшірбекқызы медициналық комиссияның төрайымы

Қалқаманова Гүлнұр - N 3 қалалық емхана  
Қызқоранқызы мейірбикесі, комиссия хатшысы

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімінің 2004 жылғы 28 мамырдағы N 27 және Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 61/9-III бірлескен шешімімен .**

2. "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері Заңның 14-бабына сәйкес шақыру комиссияларын құрсын, Заңның 35-бабына сәйкес шақыру комиссияларының жұмыстарын қамтамасыз етсін.

3. Астана қаласының Денсаулық сақтау департаменті шақырылушыларды дәрігер тексерістен өткізу үшін медициналық комиссияларды қызметкерлермен (1, 2, 3-қосымшалар), дәрі-дәрмектермен, жабдықтармен (4-қосымша) қамтамасыз етсін. 2004 жылғы наурыз-қыркүйекте шақырылушылардың қан тобын анықтау үшін олардың қан тапсыруы, зерттеу тапсыруы ұйымдастырылсын, электрокардиограммаға түсуі, флюорографиядан өтуі қамтамасыз етілсін, шақырылушылар медициналық куәландырудан өту кезінде тиісті егулер

жүргізілсін, шақырылушылардың қаланың емдеу-алдын алу мекемелерінде стационарлық тексеруден өтуі қамтамасыз етілсін (5-қосымша). Шақыру комиссиясы дәрігерлер шақыру қосынына келуін қамтамасыз етсін.

4. Астана қаласы Әскери комиссариатының жұмыс кестесіне сәйкес қалалық шақыру комиссиясы жұмысының басталуы сағат 14.00-ден бастап (жергілікті уақыт) белгіленсін.

5. Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырсын ("Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 3-1-64қ "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына сәйкес) және жұмыссыз азаматтардың (10 адамнан) 2004 жылғы 1 сәуір мен 31 маусым аралығы және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының Әскери комиссариаттарына жіберілуін қамтамасыз е т с і н .

Астана қаласының Қаржы департаменті аталған жұмыстарды ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін бюджетпен қарастырған қаражаттар шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының Көлік және байланыс басқармасы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен құрамалары қатарына шақырылған шақырылушыларды тасымалдау үшін шақыру комиссиясын көлікпен Астана қаласы Әскери комиссариатының ұсынған тапсырыстарына сәйкес қамтамасыз етсін.

7. Астана қаласының Қаржы департаменті шақырылушыларды медициналық куәландыруға қажетті дәрі-дәрмектерді сатып алуға байланысты шығындарды, сондай-ақ көлік, пошта және кеңсе шығындарын 2004 жылғы жоспарланған сметаға сәйкес төлесін.

8. Астана қаласының ПББ және Астана стансасының көліктегі ЖПБ шақыру қосынында (А. Затаевич көшесі, 21) және теміржол стансасының жолаушыларды отырғызу орындарында қоғамдық тәртіптің сақталу шараларын қарастырсын, ол үшін Астана қаласы Әскери комиссариатының тапсырыстарына сәйкес полиция н а р я д ы н б ө л с і н .

"Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының ішкі істер басқармаларына Астана қаласы Әскери комиссариатының қарамағына іздестіру және хабарлау тобына 2004 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығына бір-бірден полиция қызметкерлерін бөлу міндеттелсін.

9. Астана қаласының әкімі мен Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 20 және 2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 255/50-II "2003 жылдың қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің

қатарына 1976-1985 жылдары туған азаматтарды шақыруды жүргізу туралы" (Астана қаласының Әділет басқармасында 2003 жылғы 24 қыркүйекте N 293 болып тіркелген; "Астана ақшамы" газетінің 2003 жылғы 9 қазандағы N 133 нөмірінде және "Вечерняя Астана" газетінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 116 нөмірінде жарияланған) бірлескен шешімі күші жойылды деп танылсын.

10. Әкімдік пен мәслихаттың осы бірлескен шешімінің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары С.Н. Ахметов пен Астана қаласы әкімінің орынбасары Т.М. Мұхамеджановқа жүктелсін.

*Астана қаласының әкімі*

*Астана қаласы  
мәслихаты сессиясының  
т ө р а ғ а с ы*

*Астана қаласы мәслихатының*

*хатшысы*

Визалар:

Келісілді

*Астана қаласы "Алматы" ауданының әкімі*

*Астана қаласы "Сарыарқа" ауданының әкімі*

*Астана қаласы ІІББ бастығы*

*Астана қаласы Қаржы департаментінің*

*б а с т ы ғ ы*

*Астана қаласы Денсаулық сақтау*

*департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен*

*қамту және әлеуметтік қорғау*

*департаментінің бастығы*

*Астана стансасы көліктегі ЖІБ бастығы*

*Көлік және байланыс басқармасының*

*б а с т ы ғ ы*

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*Астана қаласы әкімінің*

*2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және*

*Астана қаласы мәслихатының*

*2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III*

*бірлескен шешіміне*

*1-қосымша*

**Астана қаласы бақылау  
медициналық комиссиясының  
Құрамы**

Мамандық атауы	Мамандардың саны
Медициналық комиссиясының аға дәрігері	1
Невропатолог	1
Көз дәрігері	1
Отоларинголог	1
Хирург	1
Фтизиатр	1
Тіс дәрігері	1
Дерматовенеролог	1
Психиатр	1
Терапевт	1

Орта медициналық қызметкерлер - 8 адам.

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

Астана қаласы әкімінің  
2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және  
Астана қаласы мәслихатының  
2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III  
бірлескен шешіміне  
2-қосымша

**"Алматы" ауданы бойынша  
медициналық комиссиясының  
Құрамы**

Мамандық атауы	Мамандардың саны
Медициналық комиссиясының аға дәрігері	1

Невропатолог	1
Көз дәрігері	1
Отоларинголог	1
Хирург	1
Фтизиатр	1
Тіс дәрігері	1
Дерматовенеролог	1
Психиатр	1
Терапевт	1

Орта медициналық қызметкерлер - 8 адам.

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

Астана қаласы әкімінің  
2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және  
Астана қаласы мәслихатының  
2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III  
бірлескен шешіміне  
3-қосымша

**"Сарыарқа" ауданы бойынша  
медициналық комиссиясының  
Құрамы**

Мамандық атауы	Мамандардың саны
Медициналық аға дәрігері	1
Невропатолог	1
Көз дәрігері	1
Отоларинголог	1
Хирург	1
Фтизиатр	1
Тіс дәрігері	1
Дерматовенеролог	1
Психиатр	1
Терапевт	1

Орта медициналық қызметкерлер - 8 адам.

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

Астана қаласы әкімнің  
2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және  
Астана қаласы мәслихатының  
2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III  
бірлескен шешіміне  
4-қосымша

**2004 жылғы көктемде және күзде шақыруға бақылау, "Алматы"  
және "Сарыарқа" медициналық шақыру комиссиялары  
жұмысы үшін қажетті дәрігерлік-медициналық дәрі-дәрмектердің,  
құрал-саймандардың және басқа да жұмсалатын заттардың  
Тізбесі**

Р / с	Атауы	Саны (дана)
N		
1.	Қарауға арналған төсек	6
2.	Медициналық керме (3-секциялық)	6
3.	Құрал-саймандарды сақтауға арналған шкаф	4
4.	Қол динамометрі	3
5.	Тонометр	10
6.	Вотчал фонендоскопы	10
7.	Құрғақыстық шкафы	2
8.	Айналы офтальмоскоп	2
9.	Саңылаулы шам (БЛ-1 биомикроскоп)	3
10.	Тоңазытқыш	2
11.	Медициналық таразы (РП-150 мг.)	2
12.	Медициналық еден таразысы	2
13.	Спирометр	3
14.	Ростометр (бой өлшегіш)	2
15.	Бактерицидтік қабырға шамы	2
16.	Құрал-саймандарға арналған үстелше	2
17.	Сивцов-Головиннің кестесі	10
18.	Сивцов-Головиннің кестесіне арналған жылтыр электршамымен жарық беретін құрал (40 Ватт)	2

19.	Үстел шамы	2
20.	Рябкиннің полихроматикалық кестесі	2
21.	Биноккулярлық лупа	3
22.	Резеңке қолғаптар	300 жұп
23.	Анатомиялық қысқыш	15
24.	Шыны үлкейткіш лупа d-50	15
25.	Тілге арналған екі жақты (тік) қалақша	40
26.	Бүйрек тәрізді лоток	20
27.	Медициналық термометр	15
28.	Неврологиялық балға	15
29.	Көмей айнасы - 21 мл	4
30.	Көмей айнасы - 25 мл	4
31.	Құлақ воронкасы N 1, 2, 3, 4	2 жиынтық
32.	Мұрын-жұтқыншақ айнасы	4
33.	Түймедей сүңгі	4
34.	П-24 иілген құлақ қысқышы	4
35.	Маңдай рефлекторы	2
36.	Көз тамшуыры	20
37.	Үлкен қабақ көтергіш	6
38.	Жас арнасы үшін сүңгі	4
39.	Офтольмологиялық линзалар жиынтығы	2
40.	Тіс айнасы	100
41.	Тіке найзаласқан тіс сүңгісі	20
42.	Иілген тіс сүңгісі	100
43.	Иілген тіс қысқышы	40
44.	Өлшеуіш таспа	20
45.	Құлақ жууға арналған баллон	4
46.	40 мм ұзындықпен мұрын айнасы	30
47.	60 мм ұзындықпен мұрын айнасы	
48.	Тік қайшылар	6
49.	(7-литрлік) эмальданған кастрюльдер	3
50.	Бұрыш өлшеуіш	3
51.	Барани-креслолар	1
52.	Сүлгі	20
53.	Хирургиялық жаймалар	10
54.	Хирургиялық халаттар	54
55.	Иіс су сабындары	20
56.	Көрсеткіш	2
57.	Ерітінділер:	



а) ерітінділер (бір күн ішінде куәландырушыларға)		
Дикаина - 0,25% - 2		12 амп.
Фурацилин 1:5000 - 100,0		6 құты
Гоматропин 1% - 2,0		12 амп.
Колларгол 3% - 2,0		12 амп.
Пилокарпин 1% - 2,0		6 амп.
Армин 1:20000 - 2,0		6 құты
Риванол 1% 1000 - 100,0		6 құқты
Аммиак 10% - 2,0		6 қорап
Йод 5% - 50,0		12 құты
Этил спирті - 50,0		180 құты
Бриллиантты жасыл спиртті ерітінді 1% - 10,0		12 құты

б) Зерттеуге қажетті стандартты ерітінділер:

и і с к е у :

- сірке қышқылының ерітіндісі 0,5%-5,0:	6 құты
- таза шараптық спирт - 5,0	6 құты
д ә м і н к ө р у :	
- қант ерітіндісі 4, 41, 40% - 5,0	6 құты
- лимон қышқылы 0,01, 0,02, 0,003% - 5,0	6 құты
- хинин сульфаты 0,00002-0,00003% - 5,0	6 құты

58. в) басқа жұмсалатын заттар:

- гигроскопиялық мақта	12 кг
- стерильденген шағын салфеткалар (пакеттерде)	180 дана
- резеңке қолғаптар	120 дана
- медициналық вазелин	6 дана
- жабысқақ пластырь	12 дана
- хлорамин	30 дана

---

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

Астана қаласы әкімінің  
2004 жылғы 18 наурыздағы N 25 және

Астана қаласы мәслихатының  
2004 жылғы 30 наурыздағы N 33/6-III

бірлескен шешіміне

5-қосымша

**2004 жылғы көктемде және күзде әскерге шақыру кезінде науқас шақырылушылар тексеруден өтетін Астана қаласының емдеу мекемелерінің және төсек-орындардың (күнделікті) бөліну Тізімі**

Емдеу мекемелерінің атауы		Төсек-орын саны
1.	N 1 қалалық аурухана:	
	кардиология бөлімшесі	10
	лор бөлімшесі	2
	эндокринология бөлімшесі	4
	урология бөлімшесі	10
	нефрология бөлімшесі	2
	хирургия бөлімшесі	2
2.	Травматология және ортопедия ФЗИ:	
	жақ-бет хирургия бөлімшесі	2
	тамыр бөлімшесі	2
	травматология бөлімшесі	10
	артрология бөлімшесі	2
3.	Қалалық туберкулезге қарсы диспансер	4
4.	Жыныс қатынастары арқылы берілетін аурулардың алдын алу және дерматология орталығы	8
5.	Қалалық психиатриялық аурухана	8
6.	Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы	2
7.	Теміржол ауруханасы:	
	неврология бөлімшесі	6
	нейрохирургия бөлімшесі	2
	терапия бөлімшесі	14
	гематология бөлімшесі	2
	пульмонология бөлімшесі	4
	офтальмология бөлімшесі	8
8.	Қалалық медициналық-элеуметтік жандандыру орталығы	4
9.	N 1 қалалық емхана	8
10.	N 2 қалалық емхана	8
11.	N 3 қалалық емхана	8

12. N 6 қалалық емхана	8
13. Онкологиялық диспансер	2
14. Теміржол емханасы	10
15. Отбасылық-дәрігерлік амбулатория	10

---

*Астана қаласының Әскери комиссары*  
*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК